

"Арнайы экономикалық аймақтардың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 6 қазандағы № 624 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 19 ақпандағы № 78 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Арнайы экономикалық аймақтардың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 6 қазандағы № 624 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2017 ж., № 44-45-46, 302 - құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

"Ақтау теңіз порты" арнайы экономикалық аймағы туралы ережеде:

4-тармақ алып тасталсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген "Ақтау теңіз порты" арнайы экономикалық аймағы жұмыс істеуінің нысаналы индикаторлары осы қаулыдағы 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

"Оңтүстік" арнайы экономикалық аймағы туралы ережеде:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. "Оңтүстік" арнайы экономикалық аймағы (бұдан әрі – АЭА) қоса беріліп отырған жоспарға сәйкес Шымкент қаласының аумағында орналасқан.

АЭА-ның аумағы 225,0001 гектарды құрайды және Қазақстан Республикасы аумағының ажырамас бөлігі болып табылады.";

4-тармақ алып тасталсын;

жоғарыда көрсетілген қаулымен бекітілген "Оңтүстік" арнайы экономикалық аймағы туралы ережеге қосымша осы қаулыдағы 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген "Оңтүстік" арнайы экономикалық аймағы жұмыс істеуінің нысаналы индикаторлары және нысаналы индикаторларға қол жеткізбеудің дағдарысты деңгейі осы қаулыдағы 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

"Павлодар" арнайы экономикалық аймағы туралы ережеде:

4-тармақ алып тасталсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген "Павлодар" арнайы экономикалық аймағы жұмыс істеуінің нысаналы индикаторлары және нысаналы индикаторларға қол жеткізбеудің дағдарысты деңгейі осы қаулыдағы 4-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

"Қорғас" шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығы" арнайы экономикалық аймағы туралы ережеде:

4-тармақ алып тасталсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген "Павлодар" арнайы экономикалық аймағы жұмыс істеуінің нысаналы индикаторлары және нысаналы индикаторларға қол жеткізбеудің дағдарысты деңгейі осы қаулыдағы 5-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

А. Мамин

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2021 жылғы 19 ақпандағы
№ 78 қаулысына
1-қосымша
Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2017 жылғы 6 қазандағы
№ 624 қаулысымен
бекітілген

"Ақтау теңіз порты" арнайы экономикалық аймағы жұмыс істеуінің НЫСАНАЛЫ ИНДИКАТОРЛАРЫ

Р/с №	Мақсаттары, міндеттері мен көрсеткіштері (атауы)	Өлшем бірлігі	Базалық кезең 2019 жыл	2021 жылға қарай қол жеткізу	2023 жылға қарай қол жеткізу	2025 жылға қарай қол жеткізу	2027 жылға қарай қол жеткізу
нысаналы индикатор	нысаналы индикатор	нысаналы индикатор	нысаналы индикатор				
1	2	3	4	5	6	7	8
1.	Инвестициялардың жалпы көлемі, оның ішінде:	млрд. теңге	119,3	137,0	155,0	173,0	191,0
1.1	Шетелдік инвестициялардың көлемі	млрд. теңге	97,1	114,3	131,0	147,7	164,4
1	2	3	4	5	6	7	8
1.2	Отандық инвестициялардың көлемі	млрд. теңге	22,2	22,7	24,0	25,3	26,6
2.	Арнайы экономикалық аймақтың аумағында тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді (жұмыстарды) өндіру көлемі	млрд. теңге	344,1	365,0	390,0	420,0	450,0
3.	Қатысушылар саны	компаниялар	30	35	40	45	50
4.	Арнайы экономикалық аймақтың аумағында құрылатын жұмыс орындарының саны	адам	1650	1700	2300	3000	3500
5.	Арнайы экономикалық аймақ аумағындағы өндірістің жалпы көлеміндегі қазақстандық қамту үлесінің орташа мәні	%	50	50	50	50	50

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің

2021 жылғы 19 ақпандағы
№ 78 қаулысына
2-қосымша
"Оңтүстік" арнайы
экономикалық аймағы
туралы ережеге
қосымша

"Оңтүстік" арнайы экономикалық аймағы аумағының жоспары



"Оңтүстік" арнайы экономикалық аймағының жалпы аумағы $S = 225,0001$ га

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2021 жылғы 19 ақпандағы
№ 78 қаулысына
3-қосымша
Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2017 жылғы 6 қазандағы
№ 624 қаулысымен
бекітілген

"Оңтүстік" арнайы экономикалық аймағы жұмыс істеуінің НЫСАНАЛЫ ИНДИКАТОРЛАРЫ

Р / с №	Мақсаттары, міндеттері мен көрсеткіштері (атауы)	Өлшем бірлігі	Базалық кезең 2019 жыл	2020 жылға қарай қол жеткізу	2025 жылға қарай қол жеткізу	2030 жылға қарай қол жеткізу
нысаналы индикатор	нысаналы индикатор	нысаналы индикатор				
1	2	3	4	5	6	7
1.	Жалпы инвестициялар көлемі, оның ішінде:	млрд. теңге	29,6	38,6	45,5	54,2
1.1	Шетелдік инвестициялар көлемі	млрд. теңге	2,5	4,5	5,1	7,3
1.2	Отандық инвестициялар көлемі	млрд. теңге	27,1	28,5	40,4	46,9
2.	Арнайы экономикалық аймағының аумақ тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді (жұмыстарды) өндіру көлемі	млрд. теңге	53,9	72	147	253
3.	Өңір экономикасының шикізаттық емес секторына инвестициялардың жыл сайынғы өсімі (өңдеуші өнеркәсіп)	%	0,1	0,3	0,3	0,3
4.	Қатысушылар саны	компаниялар	33	40	45	50
5.	Арнайы экономикалық аймақ аумағында құрылатын жұмыс орындарының саны	адам	1500	3500	4200	5000
6.	Арнайы экономикалық аймақ аумағында өндірістің жалпы көлеміндегі қазақстандық қамту үлесі	%	70	70	70	70
7.	Арнайы экономикалық аймақ аумағында жалпы өндіріс көлеміндегі өнім экспортының үлесі	%	50	50	50	50

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2021 жылғы 19 ақпандағы
№ 78 қаулысына
4-қосымша
Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2017 жылғы 6 қазандағы
№ 624 қаулысымен
бекітілген

"Павлодар" арнайы экономикалық аймағы жұмыс істеуінің НЫСАНАЛЫ ИНДИКАТОРЛАРЫ

Р/с №	Мақсаттары, міндеттері мен көрсеткіштері(атауы)	Өлшем бірлігі	Базалық кезең 2019 жыл	2021 жылға қарай қол жеткізу	2026 жылға қарай қол жеткізу	2031 жылға қарай қол жеткізу	2036 жылға қарай қол жеткізу

Нысаналы индикатор	Нысаналы индикатор	Нысаналы индикатор	Нысаналы индикатор				
1	2	3	4	6	7	8	9
1.	Инвестициялардың жалпы көлемі, оның ішінде:	млрд. теңге	74,5	80	156	257,3	394,1
1.1	Шетелдік инвестициялардың көлемі	млрд. теңге	17,3	19	37	61	93,4
1.2	Отандық инвестициялардың көлемі	млрд. теңге	57,2	61	119	196,3	300,7
2.	Арнайы экономикалық аймағы аумағында тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді (жұмыстарды) өндіру көлемі	млрд. теңге	120,2	166,5	347	867,5	2071
3.	Өңір экономикасының шикізаттық емес секторына салынатын инвестициялардың жыл сайынғы өсімі (өңдеуші өнеркәсіп)	%	7	7	7	10	10
4.	Қатысушылар саны	компаниялар	20	25	25	28	30
5.	Арнайы экономикалық аймағы аумағында құрылатын жұмыс орындарының саны	адам	500	1350	1670	1885	2000
6.	Арнайы экономикалық аймағы аумағындағы өндірістің жалпы көлеміндегі қазақстандық қамту үлесі	%	65	65	70	70	70
7.	Арнайы экономикалық аймағы аумағындағы өндірістің жалпы көлеміндегі өнім экспортының үлесі	%	20	30	40	50	50
8.	Еңбек өнімділігін арттыру	есе	1,6	1,7	1,9	2	2,5

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің

2021 жылғы 19 ақпандағы
№ 78 қаулысына
5-қосымша

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің

2017 жылғы 6 қазандағы
№ 624 қаулысымен
бекітілген

"Қорғас" шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығы" арнайы экономикалық аймағы жұмыс істеуінің НЫСАНАЛЫ ИНДИКАТОРЛАРЫ

Р/с №	Мақсаттары, міндеттері мен көрсеткіштері (атауы)	Өлшем бірлігі	Базалық кезең 2019 жыл	2021 жылға қарай қол жеткізу	2026 жылға қарай қол жеткізу	2031 жылға қарай қол жеткізу	2036 жылға қарай қол жеткізу	2041 жылға қарай қол жеткізу
нысаналы индикатор	н ы с а н а л ы индикатор	нысаналы индикатор	нысаналы индикатор	нысаналы индикатор				

1	2	3	4	5	6	7	8	9
1	Инвестициялардың жалпы көлемі, оның ішінде:	млрд. теңге	55,5	196,1	316,1	436,1	490,1	520,1
1.1	Ш е т е л д і к инвестициялардың көлемі	млрд. теңге	15,4	124,8	220,8	316,8	360	384
1.2	О т а н д ы қ инвестициялардың көлемі	млрд. теңге	40,1	71,3	95,3	119,3	130,1	136,1
2	АЭА аумағында тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді (жұмыстарды) өндіру көлемі	млрд. теңге	-	-	46	66	75	80
3	Қызметтің қосымша түрін жүзеге асыратын адамдар саны	бірл.	0	4	7	10	15	17
4	Қатысушылар саны (компаниялар)	адам	33	40	70	90	100	110
5	АЭА аумағында құрылатын жұмыс орындарының саны	адам	170	2 086	3 363	4 639	5 214	5 533
6	АЭА аумағындағы өндірістің жалпы көлеміндегі қазақстандық қамту үлесі	%	-	-	14,5	14,5	14,5	14,5
7	Тауар тасымалының көлемі (экспорт, импорт, транзит)	м ы ң тонна	39,4	45,5	67,8	78,3	90,2	100